

# *Меншік*

Орындаған: Тұрдыбеков А.Т

14-РТСк

Тексерген: Еримбетова А.Н

Экономика пәнінің мұғалімі

*Меншік* – бұл зат емес, заттарға байланысты туындайтын қатынас. Меншік ретінде тұлғаның нысанды (затты) пайдалануына байланысты құқығы көрінеді. Тұлға ретінде мемлекет, ұжым, жеке тұлға болуы мүмкін. Негізгі нысандары: жер, ғимараттар, материалдық және рухани – мәдениет заттары және т.б. жатады.

Басқаша айтсақ, меншік - бұл адамдар арасындағы өндіріс факторлары мен нәтижелерін иемденуге байланысты объективті қатынастар жүйесі.

«Меншік» ұғымы әрбір экономикалық жүйенің іргетасы болып табылады.

*Меншік* - бұл өндіріс құрал - жабдығын иелену қатынасы және материалдық игіліктерді өндіру, бөлу, айырбастау мен тұтыну процесі. Айталық тіл бір ғана адамның өнімі болып табылады. Себебі, ондай жағдайда адам ешкіммен сөйлесе алмайды. Меншікте дәл солай: ешкіммен қатынаспайтын адамның меншігі - экономикалық категория ретінде мазмұнын жояды.

# *Меншіктің түрлері және олардың экономикалық қызметтері*

Меншік қатынастары мынандай қызметтерді қамтиды:

- а) иелену ( затты иеленуді жүзеге асыру, қожалық ет
- ә) пайдалану ( заттан өзіне пайдалы қасиеттерді табу);
- б) бөлу ( заттың құқықтық тағдырын анықтау - сату, айырбастау, сыйға тарту т.б.)

*Меншік формасы* – ол меншік субъектісі белгісі бойынша сипатталатын, яғни меншік объектісінің әр түрлілігі субъект табиғатымен бірігуі критерий (өлшемдері). Меншік формаларының мынадай түрлері бар:

- ✓ Жалпыхалықтық;
- ✓ Мемлекеттік;
- ✓ Коллективтік (ұжымдық);
- ✓ Үлесті біріккен;
- ✓ Жеке және т.б.

Бұл меншік түрлерінің барлығын топтап екі типке бөлуге болады: мемлекеттік және жеке. Мемлекеттік меншік - меншік типі, мемлекеттік секторда орналасқан кәсіпорын, ұйым, орталық және жергілікті басқару органдары арқылы мемлекет меншігін басқару. Мемлекеттік меншік екі формада болады.


1. Мемлекеттік.

2. Муниципалдық.

*Мемлекеттік меншік дегеніміз*, меншік объектісін басқаруды және пайдалану шешімдерін мемлекеттік билік органдары қабылдайтын қатынастар жүйесі. Мемлекеттік меншік - бұл меншік нысандарын мемлекеттік билік өкілдерінің басқаруы мен іске жаратуды жүзеге асыратын қатынастар жүйесін білдіреді. Мемлекеттік меншік бүкіл халық шаруашылық деңгейінде, аймақ, облыс, аудан, қала, ауыл деңгейінде бар.

*Коллективтік меншік дегеніміз, өндіріс құралдары мен өндіріс нәтижелеріне иелік ететін коллектив болатын жағдай. Ұжымдық меншік - бұл еңбек ұжымы өндіріс құралдары мен өнімдерін ортақ иемденіп, пайдаланып және іске жарататын экономикалық қатынастар жүйесі. Қазақстан Республикасында қазіргі кезде ұжымдық меншік түрлеріне кооперативтік, акционерлік, қоғамдық ұйымдар және т.б. меншіктер формалары жатады*

*Жеке меншік – ол экономикалық тұлға басқа тұлғалардың тәуелсіз меншігіне билік ету және иеленуіндегі меншік қатынастары. Жеке меншікке үй шаруашылығын, жариялылықты және жариялы емес жеке кәсіпорындар, жеке мүлікті немесе жеке қаржы сақталымын пайдаланудың кез келген түрін жатқызуға болады.*



## *Жекешелендіру әдістері:*

1. Мемлекеттік және муниципалды кәсіпорындардың акционерлік қоғамдарға айналуы.
2. Кәсіпорындарды аукциондарда сату.
3. Конкурс бойынша мемлекеттен кәсіпорындарды сатып алу.

*Мемлекет иелігінен алу* – мемлекеттік меншікті өзгертуге байланысты мемлекеттік экономикадағы шектен тыс ролін жоюға бағытталған шаралар жиынтығы.

Мемлекет иелігінен алу монополизмді жеңіге, бәсекелестік пен кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған.

Ол мына бағыттар бойынша жүреді:

- 1) Иелену процесін мемлекет қарамағынан алу;
- 2) Шаруашылық жүргізудің сан түрлі нысандарын жасау;
- 3) Жаңа ұйымдық құрылымдарды қалыптастыру.

Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру тығыз байланысты.

«Мемлекет қарамағынан алу» түсінігі меншік қатынасымен шектелмейді. Ол «жекешелендіру» түсінігінен әлдеқайда кең. Экономиканы мемлекет қарамағынан алу өндірісті басым мемлекеттік-директивтік реттеуден нарықтық тетіктер негізінде реттеуге көшуді білдіреді.

Жекешелендіру – меншікті мемлекет иелігінен алудың бағыттарының бірі, оның мәні – меншікті жеке және заңды тұлғалардың жеке меншігіне беруде. Мемлекеттік және муниципалдық кәсіпорындарды жекешелендіру:

- Азаматтар мен акционерлік қоғамдардың мемлекеттен және жергілікті билік органдарынан;
- Кәсіпорындарды және олардың кәсіпорындар ретінде бөліп шығарылатын бөлімшелерін;



- Кәсіпорындардың материалдық және материалдық емес активтерін;
- Акционерлік қоғамдардың (серіктестіктердің) капиталындағы мемлекет пен жергілікті билік органдарының үлестерін (пай, акциялар);
- Жекешелендіретін кәсіпорындардың басқа кәсіпорындар капиталындағы үлестерін (пай, акциялар) меншікке алуын білдіреді.
- Жекешелендіру- бұл мемлекеттен заңды және жеке тұлғалардың мемлекеттік меншіктегі объектіні сатып алуы.
- Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің негізгі бағыттары:
- Ірі және сирек мүлікті кешендерді жеке жоба бойынша жекешелендіру;
- Орташа кәсіпорындарды жаппай жекешелендіру;
- Аукциондар мен конкурстар арқылы жүзеге асатын кіші жекешелендіру, сауданың шағын кәсіпорындары, коммуналдық шаруашылықтар, тұрмыстық қызмет көрсету мекемелері.
- Сонымен, нарық экономикасының қалыптасуы Қазақстанда меншік қатынастарын қайта құру қажеттігін көрсетті. Ол мемлекет қарамағынан алу және жекешелендіру жолымен жүргізіледі.

*Назарларыңызға  
рахмет!*